

ОЗЕН



№4 (62) сәуір 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



«Балакайда» екі балдырғанның тұсауы кесілді

«Өзенмұнайгаз» АҚ қалақұраушы компания болғандықтан «Самрук Қазына траст» әлеуметтік жобаларды қолдау қорының демеушілігімен «Балақай» оңалту орталығының ашылуына тікелей атсалысқан бірден бір кәсіпорын. Орталық дәрігерлері қаламызды 1000-ға жуық ДЦП, аутизм диагнозы мен есепте тұрған балаларымыздың денсаулықтарын нығайтумен айналысып жатыр.

Аумағы 200м2 болатын орталық компанияның 53 млн.тг қаражатына құрделі жөндеуден өткізіліп, 40 млн. тг-ге қажетті құралдар мен аппараттар сатып алынды. Бүгінде орталықта 11 кабинет, арнайы жабдықтармен жабдықталған әжетхана жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, кресло-арбаны баспалдақпен көтеретін 2 дана құрылғы сатып алынды.

Орталықтың ашылуына мүдделі болған жаңашыр азаматтардың ниеті мен дәрігерлердің табанды енбегіне қарай Алланың рақымы түсіп, 4 бала аяғына тұрды. Қала әкімі Мақсат Ибағаров пен кәсіподақ тәрағасы Наурыз Сақтағанов салтанатты түрде Оразалы Рамазан мен Жүзбай Хантөре есімді екі баланың тұсауын кесті.

Компания қызметкерлерінің демеушілігімен қызмет ететін орталық сал ауруы, гемипарез, ЗПР, аутизм, тағы басқа ауруға шалдыққан кішкентай сәбилеріміздің тегін емделуіне, денсаулығын нығайтуға зор мүмкіндік туғызып отыр. Балаларымыздың тұсауын кесу құрметіне ие болған ел азаматтары алғаш қадам жасаған балаларға ақ жол тілеп, сыйлық табыстырады.

Сондай-ақ, қала әкімі орталыққа ЭӘГ аппаратын тарту етіп, қызындықта мойымай, жемісті еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға ерекше алғысын білдірсе, шараға қатысқан ата-аналар қайырымды мұнайшыларға өз ризашылықтарын жеткізді.

Бүкіл әлем тынысын жүргегіне сыйдыра білген жомарт мұнайшыларға Алланың нұры жаусын!

«Біткен істің міні жоқ, Бітірген ердің кемі жоқ» демекші, ел иігілігі үшін ашылған орталықтың ғұмыры ұзақ болғай деген тілек бар.





Ақтауда механиктер оқытылды



Жақында, Ақтауда персоналды басқару және дамыту департаменті ұйымдастыруымен 16 өндірістік құрылымдық басқарма 16 механигіне арналған «Механикалық модульдік оқу» бағдарламасы бойынша оқу курсы өткізіліп жатыр.

Оқу тренері «Татнефть» мұнай компаниясы оқу орталығының оқытушысы Александр Крымов бірінші модульде оларды оқыту, сондай-ақ, өндірістік процестерді басқару, қызметкерлермен коммуникация орнату өдістері тақырыптары қамтылғанын айтЫп өтті.

«Компанияда адамдармен қарым-қатынас әрқашан бірінші орында түрү туи. Корпоративті ынтымак, ықпалдастық, бірлік идеясы ең басты аспект болу керек. Атальған бағдарлама еңбек ұжымының бірлігі мен тыныштығын сақтауға зор үлес қосатын маңызды ие»-деді А.Крымов.



«Өзенмұнайгаз» АҚ-на жұмысқа орналасу тәртібі

Қазіргі таңда әлемнің қай түкпірінде де жұмыссыздық мәселе сінің алдыңғы орында тұрганы белгілі жай. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мораторий жарияланғандықтан штатқа адам алу процесін үақытша тоқтатып қойған болатын. Биыл осы мәселе де өз шешімін тауып келеді.

Компанияға жұмысқа алу әділетті түрде жүзеге асыру мақсатында әзірленген арнайы схемамен жүзеге асырылада.

«Өзенмұнайгаз» АҚ компаниясына жұмысқа орналасу төмендегі көрсетілген схемаға сәйкес жүретіндігін хабарлаймыз.

1. Жұмысқа қабылданушылардың 50 проценті жұмыспен қамту орталығының жолдамасымен келген мұжәлсіз, тұлдырыжетім, аз қамтылған отбасылар мүшелерінен толықтырылады.

2. Жұмысқа қабылданушылардың 50 проценті компанияда жұмыс істеп, құрмет демалысына шыққан немесе зейнеткерлікке жетпей қайтыс болған азаматтардың балалары алынады.

Жұмысқа қабылданған азаматтар «Verity group» ЖШС, «Өзенинвест» ЖШС, «Таза су» ЖШС мекемелеріне орналасады.

Жұмысқа орналасқан жылына қарай, кезегі келгенде аутстаффинг жүйесімен қызмет көрсететін «КаспийПрофСнаб» ЖШС компаниясына орналасады.

Атальған мекемеде жұмыс жасай жүріп, басқарма басшыларының мінездемесімен, жұмыс жасау қабылеттін көрсету арқылы келесі кезекте «Өзенмұнайгаз» АҚ штатына өтеді.

Осы схема негізінде 2020-жылы 154, 2021-жылы 74 маман компания штатына тұрақты түрде жұмысқа қабылданды.

Компанияға жұмысқа алу процесі осы құрылған жүйемен әрі қарай ашық түрде жалғасатын болады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ штат

«КаспийПрофСнаб» ЖШС

«Verity Group»
ЖШС

«Өзенинвест»
МҚҚ

«Тазасу»
ЖШС

50% «Өзенмұнайгаз»
АҚ-дан зейнеткерлікке
шыққан мұнайшылардың
балалары

50% Қалалық
жұмыспен қамту
орталығынан тұлдыры
жетім, мұжәлсіз, аз
қамтылған отбасы
мүшелері



Жазғы демалыс Ережесімен таныс болыңыз



«Өзенмұнайгаз» АҚ үшін бала өмірі мен денсаулығы маңызы. Балалардың бір жерде шоғырлануын азайтып, індептін алдын алу мақсатында компанияда мұнайшылар балаларының жазғы демалысы Ережесі жасақталды.

Ережеге сәйкес, отбасында (2007-жылдың 1-қаңтары мен 2014-жылдың 31-желтоқсан аралығы) 2 бала болатын болса, соның 1-еүіне ғана демалып қайтқан жағдайда 170 мың теңге көлемінде өтемек төленетін болады. Отбасында 3 немесе одан да көп балаға немесе егіздердің 2-еүіне ғана (әрқайсысына 170 мың теңгеден) өтемек беріледі.

Ереке 2 нұсқадан тұрады:

1. Баланың әке-шешесі демалып келген сон, жұмыс орнына баланың демалысы на жұмсалған қаражат шығынын растайтын құжаттарды тапсырып, арыз жазу арқылы тиісті соманы өндіріп алады.

2. Баланың әке-шешесі арыз жазу арқылы бала демалысына тиісті қаражаттың бір бөлігін (аванс) демалысқа дейін алып, балаға жаратқан ақшаны растайтын тиісті құжаттың жұмыс орнына «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің балаларға арналған шығынды өтеу Ережесінің» 24.2. бөліміне сәйкес, осы жылдың 30-қарашасына дейін тапсыруға міндеттеледі.

Бұдан бөлек, отбасы жағдайына байланысты, бала демалудан бас тартып, «Sulpac», «Технодом», «Мечта», «Атлант», «Alser» дүкендерінен өзіне қажетті тауар (компьютер, планшет, ноутбук) сатып алынған жағдайда, тауар құны төленеді.

Баланың әкесі де, шешесі де компанияда жұмыс істейтін болса, бұл артықшылықты тек біреу ғана пайдалана алады.



Жағымды жаңалық

Түйе мен жылқы қазақты тамақтап, киіндіріп, арқалап жүріп төуелсіздікке жеткізді, енді қазақ елі саналы қоғам ретінде оларды жүттеп қоргайтын кез келді.

Сабыр Адай.

Өзенмұнайгаз жем-шөп тасымалдауға арнайы техника бөлді

Маңғыстау өнірінде орын алған биылғы құрғақшылық шаруа қожалықтары мен мал бағатын тұрғындарды әжептәуір абыржытып тастады.

Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрымов мемлекет басшысына өнірдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды телефон арқылы жеткізген болатын. Президент тарарапынан Үкіметке әкімдікпен бірлесіп, қуаңшылық салдарынан қалыптасқан жағдай бойынша фермерлер мен ауыл тұрғындарын қолдау үшін қажетті шаралар қабылдау жөнінде қатаң түрде тапсырма берілді.

Нәтижесінде 17/21-шілде аралығында Маңғыстау облысына 21 вагон шөп жеткізіліп, қазіргі таңда шаруа қожалықтары мен мал бағатын отбасыларға улестіріліп жатыр.

Қалақұраушы компания ретінде «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы қала тұрғындарының проблемасына бей-жай қарай алмайды. Кеше компания жеп-шөп жеткізіп беру үшін 7 арнайы техника бөлсе, бүгін 4 арнайы техника беліп отыр. Бұл көліктермен Сенек, Құланды, Бостан елдімекендері мен Рахат поселкесіне үздіксіз жем-шөп тасымалданып жатыр.

Ел игілігі үшін жасалған игі іс алдағы үақытта қанатын кеңге жая беретін болады.






Әркімнің денсаулығы өзіне ғана керек!

Нұржан Әбдірахманов, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары

— Еліміздегі эпидемологиялық ахуалдың мәз емес екендігін бәріміз көріп-біліп отырымыз. Әрбір қазақстандық бұған бей-жай қарамауы тиіс. «Құдай сақтанғанды сақтайды» демекші, біз тек өзіміздің ғана емес, өзгелердің де өміріне жауаптымыз.

Мен індетті жену үшін екпе салдыртып жатырмын. Вакцина-елімізді барынша қауіпсіз ету үшін өте маңызды деп есептеймін. Пандемия қос бүйірден қысып тұрған кезде елдегі эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтануына үлес қосу-менің азаматтық борышым.



Наурыз Сақтағанов, «ӨМГ» АҚ кәсіподақ төрағасы

— Бұл індет соғыстан да жаман. Мылтықсыз майдан. Мен вирусқа қарсы вакцинаны ерікті түрде алдым. Бастапқыда қобалжығаным рас. Алайда, екпе алғаннан кейін өзімді қалыпты сезініп жүрмін. Вакцинаның менің ағзама ешқандай кері әсері болмады. Дәрігер-мамандардың кеңесі бойынша вакцина алуға құнтарлы тамақтанып бардым.

Бұғінгі күні адам денсаулығы аса маңызға ие болып отыр. Сондықтан, әріптестерімді дүниенің басты байлығы болып саналатын денсаулықтарына аса жауапкершілікпен қарауға шақырамын.



Назар Әбішаев, «ӨМГ» АҚ кәсіподақ заңгері

— Вакцина мәселесі бойынша бүкіл әлем екіге бөлініп жатқаны баршаға аян. Әйтсе де, өткен жылды қиналып, қапыда қалғанымыз рас. Вакцина иммунитетті көтереді. Қазіргідей қауіпті уақытта иммундық жүйенің маңызды рөл атқаратының ешкім де жоққа шығара қоймас.

«Сақтыққа қорлық жоқ» демекші, ырду-дырду мен той-томалақты ұзақ мерзімге тоқтату керек деп ойлаймын. Бұл дертке вакцина ғана қарсы тұра алады. Індеттің барына сендік. Енді қалғаны сақтану ғана. Сақтану-вакцина алу арқылы жүзеге аспақ.



Ибрагим Сатыбаев, №1 МГӨБ кәсіподақ төрағасы

— Мен вакцина алуға саналы түрде бардым. Вакцина алу арқылы біз ұжымдық иммунитет қалыптастырып, өзімізді, отбасымызды, тумаластарымызды инфекциядан сақтап, бүкіл адамзатқа қауіп төндіріп отырған індеттің таралуын тежейміз. Адам өмірі вакцинаға тәуелді заманда «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздегеніміз» жөн.



Сақтық

Гүлфариза Қосболова,
«Жалымбетов медицина орталығы» ЖШС
директоры орынбасары

Індеген құтылу жолы - вакцина

2019-жылдың жетекшісінде пайда болған Covid-19 вирусы туралы алғашқы ақпарат пайда болғаннан бастап, ол бүкіл әлемге тез тарала бастады және пандемия сипатына ие болды, Қазақстанда вирустың Республика аумағында пайда болуы мен таралуы бойынша шектеу шараларымен қатар Қазақстан ғалымдары мен мамандары коронавирустық инфекцияны диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамасын өзірлеуге кірісті.

Диагностика. Диагноз мыналардың негізінде қойылады:

1) көптеген ЖРВИ-ге тән пациенттің шағымдары (бас ауруы, қалтырауы, әлсіздік, дененің сырқырауы, тамақтың жыбырауы, құрғақ жөтөл), сондай-ақ ЖРВИ-ге тән емес шағымдар (дәм мен ііс сезудің бұзылуы, іш етуі, қеуденің қысылуы), ауыр жағдайларда демігі, жүрек соғысы, несептің кідіруі.

2) жұқтырған адаммен байланыс немесе эпидемиялық жағдайдың болуы.

3) тексерудің аспаптық әдістерінің нәтижелері.

Covid-19 диагностикасы үшін аспаптық әдістер қолданылады: пульсоксиметрия (қандағы оттегінің деңгейін анықтайды), ПТР диагностикасы (адам ағзасында коронавирустың болуын анықтайды), ИФТ (коронавирусқа антиденелердің

болуын анықтайды), сонымен қатар, кеуде қуысының рентгенографиясы немесе компьютерлік томографиясы (өзкеннің закымдану дәрежесін анықтайды).

Емдеу. Қазіргі уақытта коронавирустық инфекцияның тиімді вируска қарсы терапиясының нақты дәлелі алынбағанын ескере отырып, COVID-19 диагнозы расталған пациенттерді басқарудың негізі қағидасы клиникалық белгілердің сипатына, аурудың ауырлығына, пневмонияның болу-болмауына, асқынулардың түрі мен дәрежесіне байланысты оңтайлы патогенетикалық және симптоматикалық емдеу болып қала береді.

Эпидемиологиялық ахуалды ауруды тоқтату мақсатында Қазақстан республикасы Бас санитариялық дәрігерінің №3



қаулысы негізінде вакцинациялау жұмыстары басталған болатын. Коронавирустық инфекциясына арналған вакциналар 2 компонент немесе 2 этаптан тұрады. ҚР бойынша Спутник В (Ресей), Qaz-Covid-in(Қазақстан), Hayat Vac(Араб), Corona Vak(Қытай) вакциналары тұрғындарға ерікті түрде егіле бастады.

Вакцинациялауға жатпайтын контингенттерге:

- 0-18 жас аралығындағылар;
- 65 жастан жоғарылар;
- дәрі немесе вакцина түрлерінен аллергия, анафилактикалық шок, талма алғандар жатады.

Қазіргі мәселе, халықтың 80 процентін көвидке қарсы вакцинамен қамту арқылы, ұжымдық иммунитет қалыптастырып, індегі ауыздықтау болып табылады.



«Спутник V» вакцинасы

«Спутник V» вакцинасы

- «Спутник V» – аденоовирус векторына негізделген векторлық вакцина.

• Ресейдің Денсаулық сақтау министрлігі мәліметі бойынша, вакцинацияның жағымсыз салдары туралы әлі хабарланған жок. «Спутник V» туралы не белгілі?

«Спутник V» вакцинациясының матрицалық РНҚ-ның инновациялық технологиясын қолдану арқылы жасалған Pfizer-BioNTech және Moderna вакциналарынан айырмашылығы, SARS-CoV-2 вирусының генетикалық материалын (тікенді қабық ақуызы) адам жасушаларына жеткізу үшін көдімгі сұық тиоді тұдышратын аденоовирус түкімдасының басқа вирус қабығы қолданылған кезде векторлық технологияны қолданып жасалған. Жасушалар иммун реакциясын тұдышратын ақуызы шығарады, солайша организм вируспен құресуді үйренеді.

Иммун реакциясын қүштей үшін вакцина 3 апта аралығымен екі рет жасалады. Бірінші вакцинамен 26 аденоовирус серотипіне негізделген вакцина, ал екіншісімен 5 серотип енгізіледі.

Векторлық технологияны Оксфорд университеті мен AstraZeneca вакциналарын өндірушілер де қолданады. «Спутниктің» екіншісінен айырмашылығы – ресейлік вакцинаны жасаушылар қабықша ретінде адамның аденоовирусын, ал Оксфорд ғалымдары шимпанзе аденоовирусын пайдаланады.

«Спутниктің» -18 градус температурда сақтау керек және оны қолданар алдында еріту керек. Осыған байланысты ресейлік вакциналарды сақтау және тасымалдау процесі, мысалы, Pfizer-BioNTech РНҚ вакциналарына қарағанда әлдеқайда жеңіл. Еске сала кетейік, соңғысы ете төмен температурда (-80, -70°C) сақталуы керек.

Фото: Валерий Шифулин/TASS

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі вакцинация міндетті/мәжбурлі болады деп таратылған ақпаратты жоққа шығарды. «Вакцинация ерікті болады, яғни вакцинация алуға азamatтар өз еркімен келісім беруі керек», – деді Денсаулық сақтау министрлігі.

Еске салайық, «Халық, денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа кодексінде азamat «емге саналы келісім беруге немесе одан бас тартуға және басқа да медициналық араласулардан, оның ішінде профилактикалық екпелдерден бас тартуға» құқылы деген ере же бар.

Вакцинаны қолдану жөніндегі нұсқаулықта қарсы көрсеткіштерге мыналар жатады: вакцинаның кез келген компонентіне жоғары сезімталдық; анамнездегі ауыр аллергиялық реакциялар; өткір инфекциялық және инфекциялық емес аурулар, созылмалы аурулардың өршүі; жүктілік және емізу кезеңі; 18-ге дейінгі жас.

Созылмалы бауыр және бүйрек аурулары, эндокриндік жүйенің ауыр бұзылулары (қант диабеті), қан түзу жүйесінің ауыр аурулары, эпилепсия, инсульт және орталық жүйке жүйесінің басқа аурулары, жүрек-қан тамырлары жүйесі аурулары, бірінші және екінші иммун жетіспеушілігі, аутоиммун аурулары, әкпе аурулары және аллергиялық реакциялары бар адамдарға вакцина еккенде мүқият болу керек.



Бетті дайындаған Айнагүл Құшікбай





Спорт-денсаулық кепілі

Спорт-жүрекке жігер сыйлайды



Спорттың адам өмірінде алатын орны зор. Қазақ “Тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған. Спорт адамға мықты денсаулық сыйлайды. Салауатты өмір салтын насиҳаттап, мұнайшылардың спортпен достасуына ықпал етіп, жол нұсқап, бағыт-бағдар беріп, дүбірлі додаларда жүлделі орынға ие болып жүрген №1 МГӘБ спорт әдіскері Есен Тайжановты әріптестері жақсы біледі.

Есен Тайжанов 1964-жылы көршілес түркмен елінде, атап айтатын болсақ, Балқан ауданына қарасты Бек-


даш поселкесінде дүниеге келген. Бала кезден спортпен достасқан ол Түркіменістанның әйгілі «Юность» құрама командасында болып, үнемі жеңіс тұғырынан көрініп жүрді.

2000-жылы Маңғыстауға қоныс аударған Есен 2004 жылы автоматтандыру және телекоммуникация басқармасына КИПиА жөндеуші болып жұмысқа орналасады.

2008-жылы №1 МГӘБ спорт әдіскері болып еңбегін жалғастырады. Ол салауатты өмір салтын ұстанатын компанияның қолдауымен ашылған мұнайшылар спортзальының әдіскері. Волейбол, үстел теннисі сияқты спорт түрлерінен үлдер, қыздар командасын дайындалап, спорттық жарыстарға қатысып, компания беделін асқақтатып жүрген беделді жан.

«Спорт-мемлекеттің абыройын асқақтатумен қатар, үлт денсаулығын жақсартады. Біздің компания бұқаралық спортты дамытуға, мұнайшылардың дene шынықтырумен айналысуына мүмкіндік туғызып отырған бірден бір компания деп мақтандышпен айтуға әбден болады. Жыл сайын үйімдастырылатын спорттық сайystар мен спартакиадалар еңбек ұжымын бірлік пен татулықта жетелейді.

Біз «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК компаниялар тобы қатысатын Спартакиадарда компаниямымыздың атынан жарыстарға қатысып, талай мәрте жеңімпаз атап, жүлделерді қанжығамызға бай-



лап қайттық. Шағын футбол, волейбол, баскетбол, шахмат, үстел теннисі, армрестлинг, тоғызқұмалақ, жүзу сияқты спорт түрлерінен алдымызға жан салмай, намысты қолдан бермей, компаниямымыздың туын желбіреткен кездеріміз көп болды.

Мұнайшылар арасында спортты насиҳаттап, бұқаралық спортты дамытуға зор үлес қосып, мұнайшыларға спортпен айналысуға зор мүмкіндік туғызып отырған компания басшылығына шекіз ризамыз»-деді Есен Тайжанов.

Бетті дайындаған Айнагұл Құшікбай





Мұнайшылар шығармашылығы

Aйда шағын қалада анасымен тұрады. Шешесі мен қызының қарым-қатынасы 100 пайыз керемет емес. Андасанда қала маңында тұратын әжесі келеді. Әжесі келген күні анасы өзін жайсыз сезінеді. Әкесі көрші қалада тұратын жас келіншекпен көніл жараптырып, екеуін тастап кетті. Әжесі «жұмыс-жұмыс» деп бала тұмаған анасына ренжиді, төсегінен жеріген әкесіне налиды.

«Біреудің дүниесіне, өміріне қызығып, соған жетем деп, соны қуалап өмір сүрге бола ма? Енді міне, тұғырдан тайып, тұқым бермес жасқа кеп қалдың»-деп шүлігеді шатақ кемпір. Аида сабак оқымай келген баладай бүрісіп отырған анасына қаралай жаңы ашиды. Екеінің бөтен адамдардай бол өмір сүріп жатқанына жаңы ауырады. Таңың атысы күннің батысы қолына ноутбугін қысып алып, жаңушырып жүрген анасына жыны келеді. Қызынан гөрі ноутбуктің ішіндегі өмір қымбат секілді. Шүқшиып үніледі де отырады. Дүниенің бар қызығы соның ішінде сияқты...

Кеше мектеп жиналысынан анасы ашуланып келді...Класс жетекшісі қызының мектептегі төбелесін талқылапты.

«Саған не жетпейді. Сен ел қатарынан қалмасын деп күні-тұні жұмыс істеймін. Ең қымбат телефон сенде»...-деді анасы.

Бұл әкесі кеткелі жүдеп кеткен анасының мұнды қөзіне қарап отырып, жүргегі ауырып кетті. Орнынан тұрып, анасын құшақтап тұрып, бетінен сүйіп алғысы келді...

-Түсінбеймін,-деді анасы сезін жалғастырып...Сен қыз бала емессің бе?! Оның үстіне биыл мектепті бітірсің?! Алда болатын емтихандарынды сәтті тапсыруың керек...Ал сен төбелесесің... Тәрбиелі отбасында өскен қыз төбелеспейді...Быды-быды-быды...

-Мен тәрбиелі отбасында өспін жатқан жоқпын. Әкем тек тұған күнімде ғана үйге бас сұғады... Сен жүрсің етегіне сүрініп... Сенің алып берген телефоныңа түкіргенім бар...-деді бұл қырысығып...

* Оймақтай ой

Бұрынғылар біреуге ренжіген адамды көрсе, «әлі өзін танымаған жан» деп атайдын...
Мәшһүр Жұсіп



Анасы бұған аңтарыла қарады... Көздерінен екі тамшы жас үзіліп түсті... Үнсіз орнынан көтерілді де, өз бөлмесіне кіріп кетті. Содан екеуі бір аптадай сөйлеспей жүрді.

Мектепке келсе, класс жетекшісі «Сағызбаева сен алтын медаль алуын керек. Сенен үміт күтіп отырмый»-деп ыңылдайды.

Аида-мектеп үздігі. Өзі үстел теннисінің чемпионы. Ағылшын тілінен олимпиада жүлдегері...

Өткенде төбелес аяқ астынан болды. Өзі кездесіп жүрген кластасы Батыrbектің құрбысы Әлияның әкесінің арақ ішіп, көшеде құлап жатқанын айтып құлген майда қылышына қатты ренжіп, «Еркек емес екенсің»-деді бұл... Жігіттің жүзі алабұртып, қызырып кетті... Құшақтамақшы болған Батыrbекті кеудесінен итеріп, қолымен бір қойды... «Пенде пақыр Адам деген абырайлы атынан табан астында айырылып қалады» екен деп ішінен күйіп-пісті...

Кластастар шулап, мектеп ішінен «Сағызбаева мен Әлжанов» төбелесті деген қауссет тарап кете барды...Сол күннен бері ол Батыrbектің жазғандарына жауап беру былай тұрсын, жігітті «шырылдатып» блокқа салып тастады. Мектепте көрсө де көрмегендей тұр танытады. Досынан берген қағазды ұсақтап турап, қоқыс жәшігіне салады...

Cатқын жүрекке не дауа? Тұнде ойлады. Екеінің қол ұстасып, қыдырған кездерін сағынады. Эйтсе де, онсыз да анасы рактан қайтыс болып, жүргегі жараланып жүрген Әлияның әкесінің ішіп алып, аялдама жанында домаланып жатқанын айтып, құлгенде өзіне-өзі ие бола алмай кетті. Класс жетекшісі шақырып алып, күзгі балды Әлжанов екеуініз жүргізесініз дегенде ойланbastan

бас тартты. Жігіттің пұшайман күйге түскенін көріп, бастапқыда өзін жеңімпаз сезінгені рас... Ұақыт өте келе жігітті сағынатынын сезді. Жалғызырыады... Кеше кітапханадан келе жатып, үйінің жанында итімен тұрған Батыrbекті көрді. Жүргегі дүрсілдеді. Бәлкім сөйлессе, бәрі де жарасып кетер ме еді...Жігіт тырс етіп, үндемеді. Жанынан өтіп бара жатқан Аидаға қарап, үнсіз тұра берді. Күндеғісі осы... Итімен қыдырған болып, Аиданың үйін торуылдайды да жүреді... Бұл терезеден сығалап әуре... Шешесінің сөзімен айтқанда «балабақша».

Жексенбі күні таңғы ас ішкен соң, құлағына құлаққап киіп алып, ағылшын тілі репетиторына жаяу жол тартады. Сквердегі жерге төселген сары жапырақтарды аяуыз жанышып өтеді. Жаяу жүрүжүйесін тыныштандыратын секілді. Итімен бірге Батыrbектің еріп келе жатқанын сезсе де тоқтамайды. Жігітке бұрылып та қарамайды...

Батыrbексіз сүрексіз күндер өтіп жатты...

Аяқ астынан анасы ауырып, ауруханаға тұсті. Бұл қорқып кетті. «Шаршағандікі...»-деді шешесі кінәлі дауыспен, Аидаға жаутаңдай қарап...Әкесі кеткелі, анасы тез шаршап қалатын болып жүр. Өткенде әкесі келіп, бұны өзімен алып кетпекші болды...

-Мен анамның қасында қаламын. Біз отбасымыз,-деді бұл шегелей сөйлеп...

Кәсіпкер әкесінің «ак болды, көк болды, мен сені шетелге оқытамын, тоқытамын, шоқытамын...быды-быды» деген әңгімелерін тыңдағысы келmedі...

Өзіне әкелген сыйлығының қорабын ашып қарамады. Шешесіне өктем сөйлемекші болған әжесінің де бетін қайтарып тастады...

Өзіне ақыл айтпақшы болған оларға Аида жүзін сұтып, ас үйдің терезесінен далаға қарап, менірдейе қалды...

Әжесі мен әкесі кеткесін анасына сұрлана қараған... Анасы «ерте ме, кеш пе, бір күні болмаса, бір күні бәріміздің қуатымыз азаяды, мінезіміз ауырлайды, шыдамсыз бола бастаймыз...»-деді курсініп... Енесіне түсіністік танытқан түрі. Бұл тырс етіп үндеместен орнынан тұрды да, өз бөлмесіне кіріп кетті...

Pалатада жатқан шешесінің қолын сипап отырып, кешірім сұрады. «Бізде бәрі жақсы болады. Мен емтихандарды да тапсырамын, мединститутқа да түсемін. Енді төбелеспеймін...»-деді анасын құшақтап отырып...Екеуі де күліпжіберді. Анасы Аидадан кешірім сұрады. Екеуі жылап алды... Анасы өзінің балалық шағы, студенттік кезі туралы сыр шертті...Аида Батыrbек екеуі туралы айтты...Өзінің анасын қатты жақсы қөретінін айтты. Шын көнілмен тыңдалып отырған анасына қарап қойып, еркек қызы «өмірде өзінде тыңдай білетін адамның болғаны қандай жақсы!-деп ойлады...

Ауруханадан бақытты күйде шықкан, Аида үйінің жанында тұрған Батыrbекті көріп, қасына барды. Екеуі үнсіз қол ұстасып паркке қарай жүрді. Қарапайым-ақ қылыш. Жайғанда осы әрекет Аиданың жанына төңкеріс жасады. «Осылай қол ұстасып жүре беруге бейіл!»

«Аида, енді ренжіспейікші»-деді жігіт, қызды құшақтап тұрып... Аиданың бақыттан жылағысы келді... Аспанға қараған. Аспан жердегі бақа-шөкелердің қуанышы мен қайғысына немірдайлылық танытып тұрғандай асқақ қарайды. Құшақтасқан екеу сылбыр жаңырып басталса да, қозғала қоймады...

«Бәрі жақсы болады»-деді Аида күбірлеп...Бәрі онсыз да жақсы еди...

Бибігүл Бөбекбай





№4 (62) сәуір 2021 жыл



КӨПҚЫРЛЫ ТАЛАНТ ИЕСІ

Жаңаөзен қаласының қадірлі азаматы, әнші, композитор, мұнайшы Бекберген Өтегенов жайлы таңды таңға үрып айтуға болады. Бекберген Қонарбайұлы 1961 жылдың ерте көктемінде, яғни, наурыздың үшінші жүлдізызында Түркменстан Республикасы, Балқан ваятты, Құм-Даг поселкесінде дүние есігін ашты. Ол бір жасқа толар-толмас Қонарбай ақсақалдың жұмыс бабымен отбасы Қазақстанға, нақтысы, Манғыстау облысына қоныс аударады.

Отанға табаны тиғен соң бала Бекберген 1968 жылы Қызылсай поселкесіндегі орта мектеп табалдырығынан аттап, жастайынан өнер-білімге құштарлығын байқатты. «Өнер – жастаң, асыл – тастаң шығады» демекші, Берберген 8-ші сыныпта оқып жүріп, Қызылсай «Барлауыш» мәдениет үйінде «Жастар» вокальды аспаптар ансамбліне қатысып, гитарист, әнші ретінде өнерін көрсеткен екен.

Өнерге деген ынтызарлық бозбала Бекбергенді бірталай биқтерге жетеледі. 1975-1978 жылдары бірталай қалалық, облыстық мәдени шараларға қатысып, бірнеше рет жүлделерге, халық марарапатына ие болды. 1981-1989 жылдары «Өзен» тобының белсенді мүшесі, гитарист-әншілік қырымен жарқырай түсті. Ол бірқатар авторлық жобаларын да жасады. 1991 жылы «Манғыстау даусы» облыстық байқауын үйімдастырды. Сөйтіп жүргенде қоғамдық жұмыстарға да белсенді атсалысып, 1991-1994 жылдары ҚазГӘЗ зауытының мәдени-спортық кешенінің директоры атанды.

1991-2000 жылдары «Заман» тобының продюсерлік етті. Иә, кейіннен дүйім елге танымал Ұлықпан Жолдасов алғып шыққан «Заман» тобы қазір де өнер көнінде биқте қалықтауда. Сол өнерлі жігіттердің шырағын жағып, өнер атты аламанға баптаған Бекберген ағамыз болатын. «Далила» мәдени-жастар фирмасының ди-



ректоры. 2001 жылдары студенттер арасындағы әзіл-сықақ театры ашылуына мұрындық болды. Жалпы, Бекберген Өтегеновтың өмірдегі һәм өнердегі жолына үнілгенде, өнермен қатар өндірістік жұмыста да үздіктердің қатарында көрінгеніне таңғаласыз. «Жігітке жеті өнер де аз» деп осындағы сегіз қырлы, бір сырлы ағаларымызға қарап айтылғандай. Ол 2003 жылы «Өзенмұнайгаз» ААҚ-на қарасты «Убикро» мекемесінде операторлық қызметті атқарды.

2003-2005 жылдары Өзбекстан, Қырғызстан, Украина көршілес елдерінде,


Алматы қалаларының өнерпаздарымен қалалар мен облыс аймағында цирк өнерін үйімдастырушысы; 2005-2010 жылдары «Өзенмұнайгаз» ААҚ компаниясының мәдени-шараларын үйімдастырушысы. 2005 жылы облыс бойынша ең алғаш жекеменшік «Өтеген Бекберген» атындағы қыуыршақ театрын ашқан да өзі. Жеке театрының директоры бола жүріп, мекемені айтартылғайтада деңгейге жеткізгендін баса айтқымыз келеді.

2010 жылы Жаңаөзен қаласында өткен «Жаңаөзен жастығымның қуесі» атты ретро фестивалінің авторы, продюсері болды.

Бүгінгі таңда мұнайшы, «Экология және Химияландыру» басқармасының машинисі қызметтін атқарды.

Міне, біз білетін, біз таныған Бекберген Өтегенов осындағы. Оның жеке шығармашылығы – теңіздей терен, тау сүйндай мөлдір. «Қайран ана» (сөзі: Сейітжан Исадереновтікі), «Жаңа жыл», «Ақ еркеш», «Сенсіз өмір», «Өзенім» әндерін тыңдай отырып, Жаратқан бір басына үйіп-төгіп берген таудай талап пен шексіз талантқа сүйсіндік. Алла жан-жақты талант иесі, танымал композитор, қоғамдық белсенді, мұнайшы Бекберген Қонарбайұлына ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық нәсіп еткей!

Эйнштейннің қеңестері



(1879-1955)

1. Үңталы болыңыз.
2. Табандылық танытыңыз. Табандылығының арқасында тасбақа Нұх пайғамбардың кемесін жетті.
3. Осы сәтті бағала. Екі атқа мініп шабуға болмайды. Қазір істеп отырған ісінде мүқият бол. Бар назарың сонда болсын.
4. Беделді болыңыз, жетістік өзі келеді.
5. Білім-тәжірибемен жинақталады.

Қоғам айнасы

Кітап-адамды өзгертеді



(1890-1976)

Британдық жазушы Агата Кристидің «Он қарадомалақ» («Десять негритят») шығармасын ұсынамыз. Шығарманың 10 кейіпкері белгісіз Л.Н.Онимнің ең қымбат аралға қыдыруға шақыруын қабылдап, бірінен соң бірі ажыл құшады. Қонақтардың біреуі өлген сайын шыныдан жасалған мүсіндер де бір-бірден жоғалады...

Жазушы Агата Кристи романның өзегін (сюжетін) Ұлыбританияның фольклорына жататын он қарадомалақ туралы санамақтан алған. Әлем оқытын Агата Кристиді оқуға Сіз де үақыт табыңыз. Дәрігер адамның тәнін емдесе, әдебиет-адамның жаңын емдейтінін үмтітпайы! Қолыңыз қалт еткенде, оқи отырыңы...



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Манғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г күлілігі берілген

Жобаның жетекшісі
Жүртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор **Бибігүл Бебекбай**
Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmgep.kz
Журналист **Айнагүл Күшікбай**
Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
айына бір рет шығады



Құрметті Арыстанғали Жұмабекұлы!

Сізді 63 жасқа толып, құрмет демалысына шығуызызben шын жүректен құттықтаймыз.

Өзен кен орнын көркейту үшін жемісті еңбек етіп, абырой биғіне көтерілген Өзіңізге компания басшылығы мен еңбек ұжымы дән риза. «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» демекші, еңбекқорлығызыздың арқасында Сіз бақыт пен абырой биғіне көтеріліп, үлкен беделге ие болдызыз. Еңбекпен есейіп, ел ықыласына бөлөнген Өзіңізге мықты денсаулық, отбасызызға амандық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз. Берекелі шаңырағызыдан өсіп-өнген үлағатты үл-қыздарының қуанышына күә болып, ортамызда аман-есен жүре беріңіз, ардақты азамат.

Құрметпен, МДжӨҚКБ еңбек ұжымы



Рухани азық



Кино-адамды өзгертеді

Назарының «Малена» атты әскери-романтикалық жанрга негізделген италяндық фильмді ұсынамыз.

Бұл еркектердің аңарын, әйелдердің қызғанышын оятқан шедевр туынды. Кинодан әркім өз бет-бейнесін көре алады.

Софықса кеткен еріп күтіп жүрген Маленаға ашқоғам күң көрсетпей, түтіп жеуге айналады. Азғын орта Маленадай жаны да, тәні де сұлу қыздың образын көтере алмады, көре алмады...

Көрініз, ой салатын, адам санасын қозғайтын дүния сіздің жүргегінігे де жол табары сөзсіз.



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>